



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Территория. 1-бөлім



Бұл дәрісімізде халықаралық құқықтағы территория ұғымына, территориялық егемендік, жаңа мемлекеттер мен территорияға құқығы, қосымша территорияны қосып алу, шегара шарттары мен шегара жөніндегі шешімдерге шолу жасаймыз.

Халықаралық құқықтағы территория түсінігі

Халықаралық құқық мемлекет тұжырымдамасына негізделген. Ал мемлекет, өз кезегінде, территория фактісімен тікелей байланысты егемендікке сүйенеді. Малколм Шоудың жазуынша, «Территориясы жоқ құқықтық құрылым (субъект) мемлекет бола алмайды. Территория мемлекеттің ең басты, ең көп мойындалған белгісі екені сөзсіз. Қазіргі кезде 200-ден астам территория бар. Олардың әрқайсысы өзінің территориялық егемен билігі мен юрисдикциясына бағынады».

Егемен билік пен юрисдикция сияқты негізгі құқықтық ұғымдар тек территориямен бірге алып қарағанда белгілігі бір мағынаға ие. Сондықтан территорияның құқықтық табиғаты халықаралық құқықтағы өмірлік өзегі бар тақырыпқа айналды. Шынында, «мемлекет өз территориясына айрықша билікке ие» деген қағидат классикалық халықаралық құқықтың іргетасты аксиомасы ретінде қаралады. Халықаралық құқықтың мемлекеттің айрықша билігі негізінде және танылған территориялық құрылым аясында дамуы, территория халықаралық құқықтың ең басты тұжырым екенін білдіреді. Көптеген ел өздері тұрған жермен, территориямен тығыз байланыста дамыған.

Территорияның халықаралық құқық жүйесінде басты рөлге ие екенін территорияның тұтастығын қорғайтын құқық нормаларының дамуынан көруге болады. Мемлекеттердің территориялық тұтастығын құрметтеу қағидаты жан-жақты негізделген. Сонымен қатар, халықаралық жүйенің мемлекеттердің ішкі істеріне араласуға тыйым салатын нормалар тәрізді халықаралық жүйенің негізгі өзегінің бірі ретінде мойындалған.

Дегенмен халықаралық құқықта мемлекеттің территориялық айрықша сипатын әлсіретіп отырған бірнеше фактор бар. Технологиялық-экономикалық өзгерістердің ықпал ету салдарынан мемлекеттердің өзара тәуелділігі күшейді. Оған қоса, адам құқығы, өзін-өзі билеу сияқты трансұлттық мәселелер мемлекеттердің территориялық айрықша сипатына әсерін тигізіп отыр. Тағы бір маңызды фактор – Халықаралық ұйымдардың көбеюі. Теңіз құқығы мен әуе құқығы контекстіндегі «ортақ мұра» тұжырымының дамуы бұған айрықша әсер етті. Десе де, бүгінгі таңда халықаралық құқық ұғымындағы бұл сипаттардың ықпалын тым асыра қабылдауға да болмайды. Территориялық егемендік бәрібір халықаралық құқықтың шешуші ұғымы болып қала береді.

Құқық саяси жағдай мен саяси дамудың көрінісі болғандықтан, көп жағдайда халықаралық құқық нақты қалыптасқан жағдайға байланысты территорияны басқару мен беру жөніндегі норма қалыптастыруға мәжбүр болды. Ондай нормалар көбінесе халықаралық қауымдастықтың табиғатына орай күш қолдану әрекеттерінің нәтижесін заңдастыруға жиі мәжбүр қылды.

Малколм Шоудың пікірінше, халықаралық құқықта нақты бір территорияға үстемдік ету құқығының өзгеруі сол территорияның егемендігі мен заңды атқарушы органның өзгерісіне де әкеліп соғады. Мысалы, халықаралық құқық бойынша территория ауысқан кезде сол территория тұрғындарының азаматтығының да, олардың өмірін реттейтін құқықтық жүйенің де өзгеруіне алып келеді. Сондықтан халықаралық құқықта территорияның егемендігін өзгертудің басқа да салдарын ескеру қажет.

Территориялық егемендік

Судья Хубер Палмас аралы (Island of Palmas) ісінде былай деп мәлімдеді: «Жер бетінің қандай да бір бөлігінде егемен биліктің болуы – сол жерді қандай да бір мемлекеттің құрамына енгізу үшін қажетті құқықтық алғышарт».



Қарапайым тілмен айтқанда, территориялық егемендік мемлекеттің тәуелсіздігіне қарай емес, сол территорияға иелік ету құқығы бар ма, жоқ па деген көзқарас тұрғысынан анықталады. Территориялық егемендіктің ішкі әрі сыртқы аспектілері бар. Ішкі аспектісі мемлекеттің өз территориясына айрықша құзыреті болуы мен оны қорғауға қатысты. Ал сыртқы аспектісіне келсек, мемлекет халықаралық аренада басқа мемлекеттердің территориялық құқығын қорғау туралы міндеттеме алады.

Халықаралық құқықтың территориялық егемендікке қатысты нормалары белгілі бір мөлшерде меншік пен иелік ету мәселелерін реттейтін Рим құқығына негізделді. Территорияға қол жеткізудің кейбір әдіс-амалдары әлдеқалай жолмен меншікке байланысты болды. Бұл бірақ түсінбеушілік тудырды.

Рим құқығына сәйкес, территорияға қол жеткізудің ие болудың әртүрлі жолдарын санаттау (классификация) әдісі халықаралық құқықта қолданған кезде бірқатар қиындықтар туғызғанын айта кеткен жөн. Олай болатын себебі – Рим құқығының сипатында негізінен жеке, коммерциялық құқық басым, ал халықаралық жария құқықтың меншікке қатысы жоқ. Сондықтан мемлекет пен территория арасындағы байланыс мемлекет егемендігінің ажырамас бөлігі саналатын территориялық үстемдік, үстем билік негізінде қалыптасады. Мемлекет – тұтас территорияның иесі. Бірақ ол оған меншік иесі ретінде емес, ел ішінде, сондай-ақ, халықаралық аренадағы құқықтық қатынастарға қабілетті егемен, тәуелсіз бірлік ретінде иелік етеді. Елдің өз ішінде мемлекет жер телімдерін заңды және жеке тұлғаларға азаматтық (шаруашылық жүргізу) құқық негізінде меншікке бере алады. Олар жерді тек өз мақсатында қолдануы тиіс. Мұндай меншік иелерінің өздеріне берілген жерді басқа мемлекетке беру ниеті бірден азаматтық (яғни, жеке) құқықтың аясынан шығып, Конституциялық құқықпен қайшылыққа түседі. Ал мемлекеттің конституциясы – елдің ең негізгі, ата заңы. Ол барлық заңдардан, соның ішінде азаматтық құқық нормаларынан үстем тұрады. Конституцияда бекітілген тұтас территорияға үстемдік нормасының мемлекетшілік және халықаралық-құқықтық салмағы бар. Сондықтан біз мемлекеттің егемен билік ретіндегі статусы территорияның белгілі бір бөлігіне меншіктен қашан да жоғары тұрады деп сеніммен айта аламыз.

Тарихта территория сату-сатып алу нысаны болған уақиғалар болғар. Мысалы, XIX ғасырда Ресей Алясканы АҚШ-қа сатты. Аляска территориясына меншік статусы, сөйтіп АҚШ егемендігінің статусына айналды. Қазіргі кезде мемлекет территориясы сату-сатып алуға мүлдем жатпайды, ол тек конституциялық құқы және халықаралық жария құқықпен реттеледі.

Территориялық егемендіктің мәні территорияға байланысты құқықтық титул ұғымымен астасып жатыр.

Бұл термин территорияның белгілі бір билікке тиесілі болып саналуының фактілі және заңды шарттары болып табылады. Басқаша айтқанда, ол белгілі бір территорияның заңды мәртебесінің өзгеруінің заңды салдарларын тудыру үшін, халықаралық құқыққа сәйкес талап етілетін фактілердің бар екендігін білдіреді. Буркино Фасо мен Мали арасындағы істе Халықаралық Сот көрсеткендей, «титул» терминін нақты құқықтың бар екендігін нақтылауға және сол құқықтың қайнар көзін, шығу тегін анықтауға көмектесетін кез келген дәлел деп түсінген жөн.

Халықаралық құқық пен ұлттық құқық арасындағы айырмашылықты көрсететін тағы бір қызықты ерекшелік – халықаралық құқықтағы территорияға үстемдік абсолюттіктен гөрі, салыстырмалы сипатта болуы. Өйткені белгілі бір жер бөлігі дауласушы мемлекеттердің қайсысына тиесілі деген мәселені қарастырғанда, сот барлық дәлелдерді мұқият қарай келіп, өзінің уәжін орынды, қисынды келтірген тараптың пайдасына шешеді емес пе.

Әдетте, халықаралық құқықтағы территориялық дауларды бірнеше санатқа бөлуге болады. Дау қандай да бір территорияны түгел қамтитын елдің статусына қатысы болуы мүмкін. Мысалы, араб мемлекеттерінің Израильге қарсы, Марокконың Мавританияға қарсы талап арызы сияқты келіспеушіліктер болған. Екі немесе одан да көп мемлекеттердің арасындағы белгілі бір аумаққа байланысты дау тууы мүмкін.

Мысалы, Кенияның солтүстік-шығысы мен Эфиопияның оңтүстік-шығысына қатысты Сомалидің талап арызы. Территорияға қатысты талап арыз түрлі негізде болуы мүмкін. Ондай негіздемелердің қатарына территория басып алудың дәстүрлі жолы, өзін-өзі билеу тарихи талаптар немесе экономикалық элементтер кіреді.



Жаңа мемлекеттер мен территорияға өзінің егемендігін жүргізу құқығы

Халықаралық құқықта мемлекет өзінің территориясына қандай жолмен қол жеткізді деген мәселе өте күрделі. Оны тек саяси-құқықтық тұрғыда түсіндіруге болады. Ежелде қалыптасқан мемлекеттер бұл мәселені тану мен мойындау негізінде шешіліп келді. Территорияға үстемдік мәселесі Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін және отарсыздану процесінің басталуымен қайта өзекті бола бастады.

Халықаралық қауымдастық әдетте жаңа мемлекеттердің мәселесін территорияға меншік құқығына қол жеткізу тұрғысынан емес, мемлекетті тану тұрғысынан қарады. Жаңадан құрылған мемлекетті тану кезінде ол өз жеріне заңды құқығын қалай алды деген мәселе көп талқыланбайды. Оның орнына егеменді, тәуелсіз мемлекеттілікті алудың іс жүзіндегі талаптарына көбірек мән береді.

Бұл мәселеге қатысты қалыптасқан көзқарастардың біріне сәйкес, мемлекеттің пайда болуы оны тануға байланысты, ал танылған кездегі оның территориясы халықаралық құқықтың толыққанды субъектісінің территориясы болып саналады және сол территорияға қандай жолмен қол жеткізгені маңызды емес.

Бұл теория жалпыға ортақ, кеңінен қолданылатын теория емес. Бірақ территорияны иелену құқығының пайда болу жолы маңызды еместігін, бұл орайда танудың маңызы зор екенін көрсетеді.

Назар аударарлық факторлардың бірі – ішкі юрисдикция. Бұл мемлекеттің ішкі істеріне араласуға тыйым салумен және әр мемлекет өз территориясында басым құқыққа ие деген принциппен байланысты. Осылайша, жаңа мемлекеттің пайда болуына әкеп соқтыратын іс жүзіндегі және құқықтық процестердің көпшілігі халықаралық құқықтың бақылауынан тыс, яғни бұл жаңа мемлекет өзіне тиісті территорияға иелік ету құқығын алу үшін жүгінетін нақты әдісті қалыптастыруға кедергі фактор болып табылады.

Алайда соңғы жылдары ішкі юрисдикцияның ережелерін қолданатын салалар өзгерді. Халықаралық конференцияларда территориялық егемендік мәселесі белсенді талқыланды.

Шын мәнінде, жаңа объектінің жаңа мемлекет ретінде тәуелсіздік алуының екі жолы бар: Ол конституциялық жолмен немесе конституцияға қайшы амалдармен шешіледі.

Конституциялық жолмен мемлекет құрған кезде бұған дейін билік жүргізіп келген әкімшілікпен билікті беру туралы келісімге келеді және билік ауысқан кезде оған территорияға үстемдік сақталады. Ал конституцияға қайшы жолмен мемлекет құрған кезде әдетте бұған дейін билік жүргізіп келген әкімшіліктен билікті күшпен тартып алады.

Көп жағдайда бұл екі жол бірге жүреді. Мысалы, Бирма тәуелсіздік аларда Бирма-Ұлыбритания келісімі мен шарты жасалып, Британия 1947 жылы Бирманың тәуелсіздігі туралы заң қабылдады, бұл заңда Бирманың тәуелсіздігі 1948 жылғы 4 қаңтардан басталады деп көрсетілген. Мұндай кезде егемендік, оның ішінде территориялық егемендік бір биліктен екіншісіне ауысады. Сондықтан аталған елдің аумағына территориялық үстемдік те, сәйкесінше, алдыңғы егемен биліктен жаңа әкімшілікке ауысады.

Бірақ жаңа билік тәуелсіздігін бөліну арқылы немесе төңкеріс арқылы алдыңғы биліктің мүддесіне қайшы жолмен алған кезде мүлдем басқа жағдай қалыптасады.

Билігінен айрылған суверен жаңа құрылған мемлекеттің мәртебесін қандай да бір келісімге қол қою арқылы тануы мүмкін, бірақ басқа мемлекеттер жаңа мемлекетті ешбір келісімсіз-ақ халықаралық құқықтың толыққанды мүшесі ретінде тани береді.

Бұл жерде өзін-өзі билеу қағидатының маңызы зор. Мемлекетте алдыңғы билікке қарсы егемен билік орнатылған кезде жаңа жағдай қалыптасып, халықаралық құқықтағы мемлекеттігінің, халқының, территориясының, үкіметінің болуы сияқты талаптарына сай болады. Сосын басқа мемлекеттер жаңа мемлекет пен оның құрылу салдарын тану мәселесін шешуге тиіс болады. Бірақ бұл жерде де айтарлықтай қиындық бар.

Халықаралық құқықта қандай да бір объектіні мемлекет деп санау үшін оның өз халқы, белгілі территориясы, құқықтық қатынастарға түсу қабілеті болуы тиіс. Дегенмен дәстүрлі халықаралық құқыққа сай, мемлекет мәртебесіне ие болмаған объектінің территорияға құқықтық титулы болмайды, себебі оның құқықтық титулға иелік етуге құқықтық субъектілігі



жоқ. Сондықтан территорияның құқықтық билігіне ие болу жолын түсіну үшін, алдымен, мемлекеттің құрылуын түсініп алу керек. Бұл мәселені түсіндірудің бірнеше теориясы ұсынылды.

Теориялардың бірі бойынша жаңа мемлекеттің нақты құрылуына көңіл аударады да, мемлекет белгілі бір территорияда құрылғаннан кейін, халықаралық құқық оны қазбаламай, сол территорияға құқығын, билігін мойындайды. Бір жағынан бұл басқа мемлекеттердің жаңа мемлекеттік құрылымды тануы үшін жеткілікті.

Екінші жағынан, жарияланған территорияға іс жүзінде құқықтық титул орнатылмаса, ол айтарлықтай қиындықтарға алып келеді. Бұдан бөлек, Малколм Шоудың пікірінше, территориялық егемендіктің халықаралық құқықтық негіздемесіне қатысты мәселе туындайды.

Малколм Шоудың пайымдауынша, мұндай жағдайды оңтайлы шешудің жолы – тек мемлекеттер ғана территорияға ие бола алады деген классикалық нормадан бас тартып, мемлекет құрылғанға дейін белгілі бір территорияға халықтың өзі иелік ете алады деген нормамен ауыстыру.

Осы әдісті қолдану арқылы территорияны тануға байланысты туған теориялық мәселелерді шешуге болар еді.

Қосымша территорияны алу

Қысқаша айтар болсақ, территорияға қол жеткізудің алуан түрлі жолдарын санаттаудың классикалық әдістері бар. Территорияға қол жеткізудің бірнеше жолы жүзеге асып келді. Олар: terra nullius, прескрипция, цессия, аккреция, тартып алу (жаулап алу).

Шегара туралы шарттар мен шегара туралы шешімдер

Шегара туралы шарттар екі мүдделі мемлекеттің арасындағы келісімге сәйкес қосымша территория қосуға немесе бұрын-соңды анықталмаған шегараны белгілеуге құқықтық негіз болып табылады.

Шегара шарты территорияның *erga omnes* режимін белгілеу үшін жасалатын халықаралық шарттың ерекше түрі. Мұндай шарттар үшінші тарап үшін де міндетті, сондай-ақ, шегара шартының қолданылуы тоқтаса да, территориялық режим мұндай айрықша көзқарастың мақсаты – шегараның тұрақтылығын қамтамасыз ету. Бұдан бөлек, шегараны белгілеген кезде ертеде жасалған шегара шартына сілтеме жасауға болады. Мұндай сілтеме шегара сызығына сөзсіз заңдық күш береді. Ертеректе жасалған, шегара сызығын дәл көрсететін картасы бар шарттар да кәдеге жарауы мүмкін.

Осыған байланысты, шегара дауларының көбі шегара шартының нормаларына түсініктеме берумен байланысты.

Шарттың нормалары Халықаралық шарттар құқығы туралы 1969 жылғы Вена конвенциясының 31 және 32-баптарына сай «әділ, берілген ұғымдарды шарттың контекстінде, объектісі мен мақсатына сәйкес, қарапайым сөзбен түсіндіру» керек деп саналады.

Жалпы, шегара шартының ортақ нормаларына қазіргі ғылымдағы тұжырымдар мен географиялық бөліктердің негізінде түсініктеме беру қиын, күрделі процесс.

Botswana/Namibia ісінде сот үшін Чобе өзеніндегі «негізгі арна» ұғымы қиындық тудырды. Шарт 1890 жылы жасалған. Сот мұндай жағдайда шарттағы ұғымдарды анықтау үшін «бүгінгі ғылымның» ұғымдарын қолданған жөн деген шешімге келді.

Al Eritrea/Ethiopia ісінде Шегара комиссиясы замана қағидатына сүйенді. Сонымен қатар, шарттың нормаларына түсініктемені шарт жасалған кезеңнің ерекшеліктеріне назар аудара отырып беру керек деп көрсетті. Атап айтқанда, географиялық атауды анықтаған кезде келісімшарт жасалған кездегі, сонымен қатар, елді мекенді қазіргі түсінуді басшылыққа алады. Алайда бұрын жасалған шарттағы атауды түсінуге тырысқан кезде, шартқа қойылғаннан кейінгі практикалар мен шарттың объектісіне сілтеме жасау жиі талап етіледі. Әлбетте, сол практикалар шартқа түсініктеме беру үшін бұлтартпас, беделді дәлел бола алмауы мүмкін.



Бірақ оның шеғара сызығын белгілеуде пайдасы тиетіні анық. Ал тиісті құжатта аталған шеғара сызығы айқын болмаса, сот ережені талқылау, шешім шығару барысында оны өзгерте алады.

Шеғара шарттарымен қатар, шеғара жөніндегі сот шешімдері де территорияға үстемдік беретін құқықтық қайнар көз бола алады. Халықаралық соттың, арбитраж трибуналдарының территорияға билік жүргізу құқығын алу шешімдері немесе екі мемлекет арасындағы шеғараны белгілеу туралы шешімдері осы тараптар үшін территорияға үстемдікті бекіту немесе растау болады. Егер қандай да бір уәж болмаса, бұл шешімнің дауласушы тараптарға міндетті күші болады.

Сұрақтар

1. Халықаралық құқық пен ұлттық құқықтағы территориялық егемендіктің айырмашылығы қандай?
2. Қазіргі таңда территорияны даулаудың қандай мысалдарын білесіз?
3. Жаңадан құрылған мемлекетті тану кезінде ол өз жеріне заңды құқығын қалай қол жеткізді деген мәселе көп талқыланбайды, керісінше оны халықаралық құқықтың нақты субъектісі ретінде таниды. Бұған қатысты сіздің ойыңыз қандай?
4. Үшінші мемлекетке де міндетті болып табылатын құқықтар мен территориялық режим орнататын келісімшарттар жасала ма?

Әдебиеттер

1. M. Kohen, *Territoriality and International Law*, Cheltenham, 2016.
2. V. Prescott и G. Triggs, *International Frontiers and Boundaries*, Leiden, 2008.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. *Международное право. Общая и особенная части: Учебник*. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Тема 9.
4. Кулжабаева Ж.О., *Международное публичное право. Общая и Особенная части*. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 12.